



010000, Астана, Парламент Мәжілісі

010000, Астана, Мажилис Парламента

201__ ЖЫЛҒЫ “ _____ ” _____
№ _____

«__» _____ 201__ года
№ _____

2018 жылғы 24 қантарда жарияланды

**Қазақстан Республикасының
Премьер-Министрі
Б.Ә. Сағынтаевқа**

Депутаттық сауал

Құрметті Бақытжан Әбдірұлы!

2017 жылғы 15 қарашада Сіздің атыңызға 16 Мәжіліс депутатының атынан депутаттық сауал жолданған болатын, онда тәулік уақыты бойынша сараланған тарифтің күшін жою салдарынан орын алған тұтынушылар үшін электр энергиясының едәуір қымбаттауына назар аударылған. «Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне электр энергетикасы мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» заң жобасын Мәжілісте қарау барысында Энергетика министрлігі депутаттарды заң жобасының нормаларына сәйкес энергия беретін компанияларды ірілендіру және электр энергиясының тарифін арзандату бойынша барлық шаралар қабылданады деп сендірді. Аталған заң жобасының бірінші кезектегі міндеті энергиямен жабдықтаудың сенімділігін арттыру және өңірлік электр желілік компанияларды ірілендіру есебінен тұтынушылар үшін электр энергиясының құнын төмендету болған. Бұл талап «100 нақты қадам – баршаға арналған қазіргі заманғы мемлекет» атты Ұлт жоспарының 51 және 52-қадамдарымен үйлеседі.

Алайда, іс жүзінде бәрі мүлдем басқаша болып шықты: 2017 жылғы 1 тамыздан бастан Энергетика министрлігі сараланған тарифтің күшін жойды, бұл электр энергиясының күрт қымбаттауына алып келді. Халық, шағын және орта бизнес өкілдері электр энергиясы үшін бұрынғыға қарағанда анағұрлым көбірек мүлде басқа шоттарды төлеуге мәжбүр болды. Уәкілетті ведомство заңның нормалары мен талаптарына қарамастан, тарифтердің өсуіне жол берді, сондай-ақ халыққа электр желілерін ірілендіру жөніндегі жұмыстың нәтижелері туралы ақпарат бермеді. Жуырда бұқаралық ақпарат құралдарында Энергетика министрлігі 2019 жылы электр энергиясына арналған тарифтердің төмендеуін болжап отыр деген мәлімет

айтылды. Сондай-ақ, осы жылдың өзінде 15 энергия беретін ұйым таратылады, ал иесіз желілерді ӨЭК-тердің балансына ауыстыру өткен жылы басталуға тиіс еді деп сендірген болатын. Мынадай орынды сұрақ туындайды: ол үшін барлық объективті алғышарттар қазіргі таңда бар болған кезде неліктен халық тарифтердің төмендеуін келесі жылға дейін күтуге тиіс? Энергетика министрлігі келесі жылы тарифтерді төмендетпеу үшін сылтау таппай ма?

Осы депутаттық сауалдың нысанасы басқа өрескел факт болып табылады. «Қазақстан Республикасының Парламенті және оның депутаттарының мәртебесі туралы» Заң бойынша депутаттық сауалға жауап 30 күн ішінде берілуге тиіс. Алайда, электр энергиясының қымбаттау мәселесі бойынша депутаттық сауалға жауап берілмегеніне екі айдан асты. Барған сайын созыла бермек! Энергетика министрлігі депутаттарға және халыққа уәде бергендей, электр қуатына тарифтерді төмендету жөнінде шаралар қабылдамай, 2018 жылғы 1 қаңтардан бастап бүкіл ел бойынша электр энергиясы құнының орташа есеппен алғанда 10 %-ға өсуіне екінші рет жол беріп отыр.

Мұндай әрекеттер бизнес өкілдері мен қарапайым азаматтар тарапынан негізді наразылық туғызады. Бұл міндетті түрде азық-түлік өнімдері, бірінші қажеттілік тауарлары, коммуналдық және көліктік көрсетілетін қызметтер бағаларының қымбаттауына әкеп соғады.

Осы айтылғандарға байланысты, Сізге мынадай сұрақтармен өтініш жасап отырмыз. «Қазақстан Республикасының Парламенті және оның депутаттарының мәртебесі туралы» Заңды бұзғаны үшін нақты кім жауапты болады және неліктен Энергетика министрлігі осы міндетті өзіне алып, электр энергиясын беру желілеріндегі артық буындарды жоймаған, электр энергиясының құнын төмендетпей, оның орнына оны екі рет көтерген?

Депутаттарға заңда белгіленген мерзімде жауап беруді жеке бақылауыңызға алуды және Энергетика министрлігі тұлғасында Үкімет Ұлт жоспары 50, 51, 52-қадамдарының артық делдалдарды жою және электр энергиясын беруге жұмсалатын шығындар мен тұтынушы үшін оның түпкілікті құнын азайту жөніндегі талаптарын орындау бойынша қабылдап жатқан шаралар туралы ақпарат беруге қайтадан нұқсау беруіңізді сұраймыз.

Құрметпен,

Қазақстан Республикасы

Парламенті Мәжілісінің

депутаттары

Ш. Хахазов

С. Абдрахманов

В. Божко

Н. Жұмаділдаева

Р. Ким

Н. Микаелян
А. Мурадов
Ш. Нурумов
Ю. Тимощенко
С. Ахметов
Г. Баймаханова
М. Ерман
С. Звольский
П. Казанцев
И. Клименко
А. Конуров
В. Косарев
М. Магеррамов
А. Платонов
С. Симонов
И. Смирнова
Т. Сыздыков
А. Тасболатов
Б. Хаменова
Т. Хитуов
М. Чирков
П. Шарапаев

Орын.: К. Жорабаев

Тел.: 746259

№ исх: ДЗ-23 от: 25.01.2018

Оглашен: 24 января 2018 года

министру

Премьер-

Республики Казахстан

Сагинтаеву Б.А.

Депутатский запрос

Уважаемый Бакытжан Абдирович!

15 ноября 2017 года на Ваше имя был направлен депутатский запрос от имени 16 депутатов Мажилиса, в котором обращалось внимание на значительное удорожание электроэнергии для потребителей, произошедшего вследствие отмены дифференцированного тарифа по времени суток. В ходе рассмотрения в мажилисе законопроекта «О внесении изменений и дополнений в некоторые законодательные акты Республики Казахстан по вопросам электроэнергетики» Министерство энергетики убедило депутатов, что в соответствии с нормами законопроекта будут приняты все меры по укрупнению энергопередающих компаний и удешевлению тарифа электроэнергии. Первостепенной задачей данного законопроекта было снижение стоимости электроэнергии для потребителей за счет повышения надежности электроснабжения и укрупнения региональных электросетевых компаний. Данное требование согласуется с 51 и 52 шагами Плана нации: «100 конкретных шагов - современное государство для всех».

Однако на деле все произошло с точностью до наоборот: с 1 августа 2017 года Министерство энергетики отменило дифференцированный тариф, что привело к резкому удорожанию электроэнергии. Населению, представителям малого и среднего бизнеса пришлось платить за электроэнергию уже совершенно другие счета намного больше, чем ранее. Уполномоченное ведомство вопреки нормам и требованиям закона допустило рост тарифов, а также не проинформировало население о результатах работы по укрупнению электросетей. На днях в средствах массовой информации прозвучали сведения о том, что Министерство энергетики прогнозирует снижение тарифов на электроэнергию в 2019 году. А также было заверено, что уже в этом году будут упразднены 15 энергопередающих организаций, а перевод бесхозных сетей на баланс РЭКов должен быть начат еще в прошлом году. Возникает резонный вопрос: почему население должно ждать снижения тарифов аж до следующего года, когда все объективные предпосылки для этого есть уже сегодня? Не найдет ли

Министерство энергетики и в следующем году отговорки, чтобы не снижать тарифы?

Но предметом данного запроса является другой возмутительный факт. По закону «О Парламенте Республики Казахстан и статусе его депутатов» ответ на депутатский запрос должен быть предоставлен в течение 30 дней. Однако ответа на депутатский запрос по вопросу удорожания электроэнергии нет вот уже более двух месяцев. Дальше – больше! Министерство энергетики, не приняв, как обещало депутатам и населению, мер по снижению тарифов на электричество, с 1 января 2018 допускает повторное повышение стоимости электроэнергии по всей стране в среднем на 10 %.

Такие действия вызывают обоснованное возмущение представителей бизнеса и простых граждан. Это однозначно приведет к увеличению цен на продукты питания, товары первой необходимости, коммунальные и транспортные услуги.

В связи с вышеизложенным, обращаемся к Вам со следующими вопросами. Кто конкретно понесет ответственность за нарушение Закона «О Парламенте Республики Казахстан и статусе его депутатов и почему Министерство энергетики взяв на себя эту обязанность, не устранило излишние звенья на линиях передачи электроэнергии, не снизило стоимость электроэнергии, а вместо этого дважды ее повысило?

Предоставление ответа депутатам в установленном законом сроке просим взять под личный контроль и вновь дать указание предоставить информацию о мерах, которые Правительство в лице Министерства энергетики принимает по выполнению требований 50,51,52 шагов Плана нации по устранению излишних посредников и снижению затрат на передачу электроэнергии и ее конечной стоимости для потребителя.

С уважением,
депутаты
Мажилиса Парламента
Республики Казахстан

Ш. Хахазов
С. Абдрахманов
В. Божко
Н. Жумадильдаева
Р. Ким
Н. Микаелян
А. Мурадов
Ш. Нурумов
Ю. Тимощенко
С. Ахметов
Г. Баймаханова

С. ЗВОЛЬСКИЙ
М.Ерман
П. Казанцев
И. Клименко
А. Конуров
В. Косарев
М. Магеррамов
А. Платонов
С. СИМОНОВ
И. Смирнова
Т. СЫЗДЫКОВ
А. Тасболатов
Б. Хаменова
Т. Хитуов
М. Чирков
П. Шарапаев

Исп.: К.Жорабаев

Тел.: 746259